



КЕАҚ "Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті"



БЕКІТЕМІН

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті

Басқарма төрағасы-ректор

С.Н.Идрисов

« 04 » 12 2024ж.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 051

г.Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже	

	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
Дайындады	вице-проректор	Ж.У.Сулейменова		02.12.2024
	Білім бағдарламаларының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету кеңсесінің жетекшісі	А.С.Сарсенгазиева		02.12.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е.Чукуров		02.12.2024
	Саға мсниторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшигулова		02.12.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		4.12.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже	

Мазмұны

1	Терминдер мен анықтамалар.....	4
2	Қысқартулар мен белгілер	4
3	Жалпы ережелер	4
4	Негізгі міндеттер	5
5	Қызметтер.....	5
6	Кеңес құрамы	6
7	Жұмысты ұйымдастыру және шешімдер қабылдау тәртібі.....	6
8	Кеңес секциялары.....	7
9	Құқықтар	7
10	Өзгерістер	7
11	Келісу, сақтау, және тарату	7
12	Танысу парағы	8
13	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	9
	Қосымша 1	10

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже	

1. Терминдер мен анықтамалар

Академиялық ұтқырлық	білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;
Қос дипломды білім	қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;
Кредиттік оқыту технологиясы	академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді оқу кезектілігін таңдау және өз бетінше жоспарлау негізінде оқыту
Білім бағдарламасы	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені
Оқу-әдістемелік кеңес	университеттің оқу-әдістемелік жұмысын алқалы басқару нысаны
Оқу-әдістемелік жұмыс	білім беру ұйымының білім беру процесін оның білім алушыларына қол жеткізу үшін психологиялық - педагогикалық, білім беру және дамыту мақсаттары, дидактикалық-әдістемелік және оқу - материалдық объектілермен қамтамасыз ету жөніндегі қызметі
Ғылыми кеңес	университетті басқарудың алқалық нысаны
Оқу жоспары	тиісті білім беру деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібін реттейтін негізгі құжат

2. Қысқартулар мен белгілер

ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
ББ	Білім бағдарламасы
ЖБМЖМС	Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
ЖБББП	Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы

3. Жалпы ережелер

- 3.1 Осы Ереже "Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КЕАҚ оқу-әдістемелік кеңесі туралы" (бұдан әрі-Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 сәуірдегі "Білім туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, Мемлекеттік жалпыға міндетті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандартымен (бұдан әрі -

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже	

МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығымен, Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы қазан № 563, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен, "Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КЕАҚ жарғысымен бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларымен", университеттің академиялық саясаты.

3.2 Оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі-Кеңес) - "Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КЕАҚ (бұдан әрі - Университет) оқу және оқу-әдістемелік қызметін алқалы басқару органы болып табылады.

3.3 Кеңес жалпы университеттің академиялық қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында академиялық құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік жұмысына жалпы басшылық жасауды және үйлестіруді жүзеге асырады.

4. Негізгі міндеттер

Кеңестің негізгі міндеттері:

4.1 Университеттің академиялық қызметін дамытудың басым бағыттарын анықтау.

4.2 Білім беру сапасын арттыруға бағытталған халықаралық тәжірибені, жаңа технологияларды, оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын ескере отырып, университетте оқу және оқу-әдістемелік үдерісті ұйымдастыру және жетілдіру.

4.3 Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және университеттің білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

Пәндерді оқыту практикасында ғылым жетістіктерін интеграциялауда оқытудың жаңа әдістері мен инновациялар бойынша семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізу арқылы ПОҚ-ның кәсіби және әдістемелік құзыреттілігін дамытуға жәрдемдесу.

5. Қызметтер

Өз қызметін жүзеге асыру үшін Кеңес келесі функцияларды орындайды:

5.1 Оқу процесін, білім беру бағдарламаларын, оқу пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлайды.

5.2 Университеттің оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету мониторингін және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады.

5.3 Оқу процесіне қатысатын университеттің құрылымдық бөлімшелерінің білім алушыларды оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен, оқу-әдістемелік құралдармен және т. б. қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын реттейді.

5.4 Ғылыми кеңестің университеттің оқу жоспарларын, академиялық күнтізбесін / оқу процесінің кестелерін бекітуге қорытындыларды (ұсынымдарды) қарайды және береді.

5.5 Академиялық комитеттердің жұмысын үйлестіреді, оқу - әдістемелік әдебиеттерді шығару жоспарын, педагогикалық жүктеме нормаларын, оқу-әдістемелік құжаттардың нысандарын және т. б. бекітеді.

5.6 Университеттің авторлары мен авторлық ұжымдары әзірлеген және оқу-әдістемелік әзірлемелер секциясында сараптамадан өткен (басылымдардың ғылыми кеңесінде қарау үшін) ашық баспасөзде жариялауға ұсынымдарды, оқу-әдістемелік құралдарды, әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдарды, өзге де оқу-әдістемелік құжаттаманы қарайды және береді; оң қорытынды болған жағдайда университеттің Ғылыми кеңесіне тиісті ұсынымдар береді.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже	

- 5.7 Силлабустардың, оқу материалдарының, бақылау-өлшеу материалдарының мазмұнын қарайды және талдайды.
- 5.8 Университетте оқу процесін ұйымдастыруды талдайды және ғылыми кеңеске оны жетілдіру, мамандарды даярлау сапасын арттыру бойынша қажетті шараларды қабылдау, Оқу процесінде оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін, оқытудың автоматтандырылған жүйелерін, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін және т. б. қолдану бойынша ұсыныстар береді.
- 5.9 Академиялық ұтқырлық, қос дипломды білім беру және бірлескен бағдарламалар бойынша серіктес университет пен университеттің білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдайды.
- 5.10 ЖБББП мәліметтер базасын басқару бойынша ақпаратты талдауды жүзеге асырады.
- 5.11 Университеттің академиялық қызметінің ішкі мониторингі, кеңестің шешімдері мен ұсынымдарының іске асырылу барысын бақылау, бөлімшелерге оқу-әдістемелік қызметті жүргізуге қажетті жәрдем керсету жөніндегі іс-шараларды үйлестіреді.
- 5.12 Тәжірибе алмасу және университеттің оқу-әдістемелік жұмысын жетілдіру мақсатында Қазақстанның және шетелдің басқа оқу орындарының оқу-әдістемелік бөлімшелерімен және кеңестерімен ынтымақтасады.
- 5.13 Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.
- 6. Кеңес құрамы**
- 6.1 Кеңес құрамы факультет өкілдерінен, құрылымдық бөлімше басшыларынан, оқытушылардан, университеттің академиялық қызметіне тартылған өзге де құрылымдық бөлімше басшыларынан құралады.
- 6.2 Кеңестің құрамы Басқарма Төрағасының бұйрығымен-университет ректорымен бекітіледі.
- 6.3 Кеңестің жұмысын академиялық мәселелер жөніндегі төраға - проректор / университеттің вице-проректоры басқарады. Кеңестің іс қағаздарын дауыс беруге құқығы бар хатшы жүргізеді.
- 7. Жұмысты ұйымдастыру және шешімдер қабылдау тәртібі**
- 7.1 Кеңестің жұмысы оқу жылына жасалатын жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Кеңес отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.
- 7.2 Кеңес отырысының күн тәртібін хатшы дайындайды, кеңес отырысына материалдар дайындау университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
- 7.3 Кеңес Төрағасы оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп береді. Есеп кеңестің отырысында тыңдалады және бекітіледі, ОӘК-нің бір жылдағы жұмысына баға беріледі.
- 7.4 Кеңес, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Шешімдер қатысып отырған Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру жолымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.
- 7.5 Жекелеген мәселелер бойынша шешімдер жасырын дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.
- 7.6 Кеңестің шешімдерін құрылымдық бөлімшелер орындауға міндетті болып табылады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже	

- 7.7 Кеңестің шешімдері хаттама түрінде ресімделеді, онда: төрағалық етуші, хатшы, кеңестің қатысып отырған мүшелері, талқыланатын мәселелердің атауы, талқылау кезінде баяндамашылар мен сөз сөйлеушілердің тегі көрсетіледі, сондай-ақ әрбір мәселе бойынша сөз сөйлеулердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер жазылады.
- 7.8 Отырыстардың хаттамаларын Кеңес хатшысы ресімдейді және оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
- 8. Кеңес секциялары**
- 8.1 Кеңес құрамында келесі жұмыс комиссиялары жұмыс істейді:
- 1) "білім беру бағдарламаларын жетілдіру және жаңарту" секциясы: ұсыныстарды қарайды және білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсынымдар шығарады.
 - 2) "оқыту сапасын бақылау және бағалау" секциясы: өткізілетін сабақтарға қатысу мен олардың сапасына талдау жүргізеді, ПОҚ оқыту сапасы туралы дәлелді қорытындылар береді, ПОҚ әдістемелік тәжірибесін жинақтайды.
 - 3) "оқу-әдістемелік басылымдардың, оқулықтардың, құралдардың сапасын қамтамасыз ету" секциясы: ПОҚ оқу-әдістемелік әдебиетіне сараптама жүргізеді.
 - 4) "оқу процесін ұйымдастыру бойынша ішкі нормативтік құжаттарды талдау және бағалау" секциясы: ішкі нормативтік құжаттаманы мониторингтеу және басқару.
- 9. Құқықтар**
- 9.1 Кеңес өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің дұрыс орындалуына жауап береді.
- 10. Өзгерістер**
- 10.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді оларды әзірлеуші жаңа құжатты әзірлеу және оны бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін проректордың рұқсаты бойынша белгіленген тәртіппен келісу және бекіту жолымен жүзеге асырады және оның қолы қойылып құжатпен ресімделеді.
- 11. Келісу, сақтау және тарату**
- 11.1 Ереже бекітілгеннен кейін әзірлеуші түпнұсқаны тіркеу және сақтау үшін СМК-ға береді.
- 11.2 Ескірген, күші жойылған ережелерді СМК-не беру және пысықтау үшін құрылымдық бөлімше басшылығы жауапты болады.
- 11.3 Бекітілген Ереженің көшірмесін басшы танысу парағына қол қойғызып, бөлімше қызметкерлерінің назарына жеткізеді.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже	

Қосымша 1

Бекітемін
ОӘК төрағасы

(қолы)

(аты-жөні)

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
Оқу-әдістемелік кеңесінің 20__-20__ оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар



Басылым: үшінші

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже

Танысу парағы

[illegible]

